

Г.Б. Бейсенбекова\*, Г.Н. Манашова, С.М. Нурғалиева, Т.К. Оразбекова

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан*

*(Хат-хабарға арналған автор. E-mail: gulmira.beysenbekova@mail.ru)*

*Scopus Authors ID: <sup>1</sup>57210159859*

*ORCID <sup>1</sup>0000-0002-6890-6680, <sup>2</sup>0000-0002-3162-4452*

## **Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеші–педагогтерінің коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру**

Бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі мектепке дейінгі ұйым тәрбиеші–педагогтерінің ата-аналармен және балалармен қарым-қатынасы болып отыр. Коммуникативті құзыреттілік адам өмірінде маңызды орын алады. Балалармен, ата-аналармен және әріптестерімен үнемі байланыста болатын тәрбиеші–педагог жұмысының сәттілігі, әрине, қарым-қатынас жасау қабілетіне байланысты. Сонымен бірге, қарым-қатынаста жетекші роль тәрбиеші–педагогке тиесілі, өйткені ол мектепке дейінгі ұйымның кәсіби және ресми өкілінің бірі. Педагогикалық тәжірибеде қарым-қатынас кәсіби жетістіктің маңызды факторы болып саналады. Мақалада қазіргі заманғы білім беру жағдайында мектепке дейінгі ұйым тәрбиеші–педагогтерінің коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне жан-жақты талдаулар жасалған. Құзыреттілікке берілген анықтамалардың әртүрлілігі мен көптігіне қарай оның кең мағыналылығын салыстыра отырып, тақырып мазмұны зерделенген. Коммуникативті құзыреттілік — жалпы мәдениетті және оның кәсіби қызметтегі өзіндік көріністерін синтездейтін интегралды сапа ретінде сипатталады. Тәрбиеші–педагогтің коммуникативті құзыреттілігінің мәнін сипаттай отырып, олардың коммуникативті қасиеттерін қамтамасыз ететін бағыттарын ашып көрсетеді. Авторлар коммуникативті құзыреттілікті кәсіби құзыреттілік пен сөйлеу мәдениетін қазіргі тәрбиеші–педагогтің жалпы кәсіби-педагогикалық мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде қарастыруды жөн санайды. Педагогикалық қарым-қатынастың жетістігі тәрбиеші–педагогтің коммуникативтік мәдениетінің деңгейіне байланысты. Сөзді қолдана білу, өз ойыңызды эмоционалды түрде білдіру — қарым-қатынастың маңызды жағы деуге болады. Сонымен қатар, мақалада тәрбиеші–педагогтердің коммуникативті құзыреттілігі, коммуникативті мәдениет, коммуникативті дағдылар, коммуникативті қабілеттерінің мәні ашылған.

*Кілт сөздер:* құзыреттілік, коммуникативті құзыреттілік, коммуникация, қарым-қатынас, сөйлеу мәдениеті, коммуникативті мәдениет, коммуникативті дағдылар, коммуникативті қабілеттер, коммуникативті потенциалы.

### *Кіріспе*

Қазіргі таңда заманауи жағдайда мектепке дейінгі білім беру жүйесінің дамуы тәрбиеші–педагог қызметкерлерді даярлау мен қайта даярлау мәселесі алға қойылса, ҚР білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «баршаға бірдей сапалы білімге қол жеткізу үшін коммуникативтік және кәсіптік құзыреттілікті дамыту», — деп көрсетілді [1]. Еліміздің білім беру саласының әлемдік деңгейдегі білім кеңістігіне еруге деген талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеруі, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақты жаңаша ойлауға қабілетті, дүниеге көзқарас мәдениеті мен саналы ұрпағын тәрбиелеп, оқытатын педагогикалық мамандарды дайындаудың сапасын арттырудың қажеттілігі заңды құбылыс. Осыған орай, білім беруді, заманауи ғылым мен практиканы жаңғырту жағдайында мектепке дейінгі ұйымының тәрбиеші–педагогтерінің коммуникативтік құзыреттілігі мәселесі күн тәртібінен түспейтін өзекті тақырыптардың бірі болып отыр. Коммуникативті құзыреттілік адам өмірінде, мамандардың кәсіби іс-әрекетінде маңызды орын алады. Сондықтан тәрбиеші–педагогтің коммуникативті құзыреттілігінің қалыптасуына мұқият назар аудару қажет етеді.

### *Зерттеу әдістері мен материалдар*

Тақырыпты зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізінде авторлар болашақ тәрбиеші–педагогтердің коммуникативті құзыреттілігін анықтауға негізделген шетелдік және отандық педагогика ғылымындағы соңғы жетістіктер мен іргелі зерттеулердің тұжырымдарын, әдіснамалық негіздерін басшылыққа алған. Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, салыстыру, нақтылау сияқты жалпы ғылыми зерттеу әдістері қолданылды.

*Нәтижелері мен оларды талқылау*

Коммуникативті құзыреттілікті талдау үшін, ең алдымен, «құзыреттілік» ұғымының мәнін терең түсіну маңызды. Жалпы педагогикалық әдебиеттерде «құзыреттілік» аясында білім алушылардың мынандай негізде әрекеттің күрделі түрлерін жасай алу қабілеті түсіндіріледі: нәтижесі — білімдер болып табылатын танымдық іс-әрекет тәжірибесі; нәтижесі іскерліктер түрінде болатын іс-әрекет тәсілдерін іске асыру тәжірибесі; нәтижесі проблемалық жағдайда шешім қабылдай алу іскерлігі деп саналатын шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі. Құзыреттілікке берілген анықтамалардың әртүрлігі мен көптігіне қарай оның кең мағыналылығына көз жеткіземіз.

Құзыреттілік ұғымын неғұрлым кең сипаттаған ғалымдар Н.Ф. Талызина, Р.Х. Шакуров, А.И. Щербаковтар т.б. болды. Олардың пікірінше, құзыреттіліктің негізгі сипаттамасы — маманда кәсіби іс-әрекетті атқаруды қамтамасыз ететін білімдер, іскерліктер, дағдылар мен тәжірибенің бірыңғай кешенінің қалыптасқан деңгейі болып табылады. Сонымен қатар, В.А. Слостенин, И.Ф. Исаев, А.И. Мищенко және Е.Н. Шиянова педагогтің кәсіби құзыреттілігін педагогикалық іс-әрекетін жүзеге асыруға теориялық және практикалық даярлығының бірлігі ретінде сипаттайды.

Қазіргі психологиядағы құзыреттілік білім мен тәжірибенің үйлесімі және адамның қабілеттері ретінде түсіндіріледі (Г.А. Цукерман). Яғни, коммуникативті дағдыларға қарағанда коммуникативті құзыреттілік дағдыларын (қолданыстағы дағдыларды қолдана отырып үйретуге болатын қасиеттер мәдениетте мақсаттарға жетудің құралдары мен тәсілдері), адамға оған қол жеткізудің құралдары мен тәсілдерін дербес құруға мүмкіндік беретін қасиеттердің болуын болжай отырып, жеке қарым-қатынас мақсаттарын айқындайды.

Психологиялық-педагогикалық ғылымда коммуникативтік құзыреттілік мәселесі барған сайын танымал болып отыр. Бүгінгі таңда отандық (Л.А. Петровская, М.И. Лукьянова, А.А. Попова, Ю.Н. Емельянов, С.В. Кондратьева, Т.Н. Щербакова) және шетелдік психологияда (Дж.Равен, Р.Селман, Г.А. Шредер, М. Аргайл, К. Рубин). Бұл зерттеулер коммуникативтік құзыреттіліктің сипаттамаларын көрсетеді, оның даму құрылымы, механизмдері мен факторларын анықтайды, бірақ мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істейтін тәрбиеші-педагогтердің кәсіби коммуникативтік құзыреттілігі мәселесі саласы жеткілікті зерттелінген жоқ. Сонымен қатар, көптеген авторлар А.В. Батрашев, А.А. Бодалев, К.В. Вербова, С.В. Кондратьева, В.А. Кан-Калик, Л.М. Митина, Н.В. Кузьмина және тағы басқалары коммуникативті қабілеттер мен дағдылардың маңызды сипаттамаларын ашып көрсетті. Олар өз зерттеулерінде оны тәрбиеші-педагогтің кәсібилігін дамыту факторы ретінде, қарым-қатынас қабілеттерін жеке және іскерлік қарым-қатынас орнатуға, адамдармен қарым-қатынас жасауға, басқаларды түсінуге, байланыстарды орнатуға, қолдауға және өзара түсінушілік пен қабылдауға негізделген адамның жеке ерекшеліктерінің кешені ретінде қарастыра отырып, зерттеушілер бұл тұжырымдаманы, ең алдымен, тәрбиеші-педагогтің мәдени сипаттамасымен байланыстырады.

М.А. Хазанова коммуникативтік құзыреттілікті тілді меңгеру, қарым-қатынас субъектінде оның мінез-құлқының болжамды моделін, эмпатиясын, қарым-қатынас субъектісінің жеке сипаттамаларын (өзін-өзі бағалау, әлеуметтік бағыт) құру үшін бағдарлай білу ретінде қарастырады, сол сияқты Г.М. Андрееваның айтуынша, бұл бағдарлау қабілеті, ал Г.С. Трофимованың пікірінше, қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларында бағдарлану. Л.Д. Столяренко коммуникативті құзыреттілік — бұл басқа адамдармен қажетті байланыстарды орнату және қолдау мүмкіндігі. Л.А. Петровская бұл тұлғааралық өзара әрекеттесу жағдайларының белгілі бір шеңберінде тиімді коммуникативті іс-әрекетті құру үшін қажетті ішкі ресурстар жүйесі деп санайды.

Алайда, ғалымдардың теориялық көзқарастарын салыстыра келе, тәрбиеші-педагогтің коммуникативті қабілеттерін анықтай отырып, В.А. Крутецкий педагогке (тәрбиешіге) балалармен өзара қарым-қатынаста педагогикалық тұрғыдан қарым-қатынас орнату, педагогикалық әдептіліктің болуы сияқты қажетті ерекшеліктерді атап өтті. Педагогтің (тәрбиешінің) коммуникативті қабілеттері білім беру үдерісінің субъектілерімен тиісті педагогикалық қатынастарды құру дағдыларының жан-жақты сипаттамасын білдіреді [2].

Нақтырақ айтқанда, «Коммуникативті құзыреттілік» терминін алғаш рет әлеуметтік психологияға сәйкес қолданылды (лат. *competens* — «қабілетті») — ішкі ресурстар (білім мен іскерлік) болған кезде басқа адамдармен тиімді байланыс орнату және қолдау мүмкіндігі [3]. Коммуникативті құзыреттілік өз ойын нақты және айқын білдіре алу, өз ойын дәлелдеу, талдау, пікірін білдіру, рационалды және эмоционалды ақпаратты жеткізу, тұлғааралық қатынас орнату, өз

әрекетін ұжым әрекетімен сәйкестендіре алуы, кез келген іскерлік жағдайда тиімді қарым-қатынас орната білу, диалогты ұйымдастыру және қолдай алу қабілеті десек, онда ол табысты қарым-қатынасқа ықпал ететін адамның психикалық және мінез-құлық сипаттамаларының тұтас жүйесі ретінде қарастырылады яғни, қатысушы тараптар үшін мақсатқа жетуге (тиімді) және эмоционалды (психологиялық тұрғыдан ыңғайлы) болып келеді.

Қазіргі кезде өзекті мәселелердің бірі тәрбиеші-педагогтің ата-аналармен және балалармен қарым-қатынасы болып отыр. Гуманистік психология қарым-қатынас қажеттілігін адамның негізгі қажеттіліктеріне жатқызады. Балалармен, ата-аналармен және әріптестермен үнемі байланыста болатын тәрбиеші-педагогтің жұмысының сәттілігі, оның қарым-қатынас жасау қабілетіне байланысты. Сондай-ақ қарым-қатынаста жетекші рөл тәрбиеші-педагогке тиесілі, өйткені ол мектепке дейінгі білім беру ұйымының кәсіби және ресми өкілі. Педагогикалық тәжірибеде қарым-қатынас кәсіби жетістіктің маңызды факторы болып саналады.

«Коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны — жалпы қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағынаны білдіріп, адамдардың арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті білдіреді [4].

Қарым-қатынас өзара процесс болғандықтан, адам өзінің серіктесі оны қабылдайтынына және оның әсеріне қатысты екеніне сенімді болуы керек. Өзгелердің қызығушылығын оятуға, қарым-қатынастың ең маңыздылығы назар аударуға деген ұмтылысы.

Коммуникативті құзыреттілік пен қарым-қатынас — қатарлас және бір-бірлеріне тәуелсіз құбылыстар ғана емес, олар өзара байланыста тұратын процесс. Коммуникативті құзыреттілік тиімділігі «субъект — субъект» сызбасы бойынша бірлескен іс-әрекет қатынасының жақсаруына қаншалықты негіз болуына байланысты болса, ол қарым-қатынас процесі арқылы жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, қазіргі қоғамда моральдың құлдырауы, жалпы мәдениеттің және сөйлеу дәстүрлерінің төмендеуі кезінде мектепке дейінгі ұйымдардың кейбір тәрбиеші-педагогтерінің коммуникативті мәдениеті төмендеді, олар үшін әлеуметтік маңыздылық пен жеке жауапкершілікті түсіну қозғаушы, мотивациялық күш емес сияқты көрінетін жағдайлар орын алуда.

Тәрбиеші-педагогтердің едәуір бөлігі айқын авторитаризммен коммуникативтіліктің ақпараттық және іскерлік бағытымен әрекет етеді. Әріптестермен, ата-аналармен және балалармен сөйлесу қабілетіне мүлдем мән бермейтін тәрбиеші-педагогтер бар, олар тәлімгерлік белгілерді, жағымсыз қылықтарды, атап айтсақ, балаға шағымданып, ата-аналарды бір нәрсеге кінәлау үрдіске айналды. Міне, сондықтан да маманның сөйлесу өнерін үйрену қажеттігі заңдылық.

Тәрбиеші-педагогтің коммуникативтік құзыреттілігі: ол баланы тыңдау, оның көзқарасын түсіну, өз пікірін сауатты және әдепті түрде қорғау, балаға зиян тигізбеу және қарым-қатынас арқылы жылы және сенімді қарым-қатынас құру қабілеті ретінде анықталады.

Тәрбиеші-педагогтің коммуникативтік құзыреттілігінің құрылымы бірнеше компоненттерге ие десек, онда ол:

- мотивациялық-құндылық;
- когнитивтік;
- әрекеттік;
- позициялық-құндылық.

Нақты қарым-қатынас іскерлігін қалыптастыру — сөздерді құру, сөйлесудің эмоционалды фонын анықтау, сөйлеудің грамматикалық жағын түзету, дауыс интонациясы мен үнін бақылау, бет-әлпетін реттеу және бақылау мүмкіндігі және вербалды емес қарым-қатынастың басқа да ерекшеліктері.

Шынымен де, өзара түсіністіктің болмауы, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен дамытудың кейбір мәселелеріне көзқарастардағы айырмашылық — мұның бәрі тәрбиеші-педагог пен ата-ана арасындағы сенімсіздіктің артуына әкеледі, олардың әрекеттерімен келіспейді, серіктестіктің мүмкіндігіне күмән келтіреді.

Коммуникативті мәдениеттің негізі — қарым-қатынас — адамдармен қарым-қатынасқа деген тұрақты ұмтылыс, оларды тез жылдам орнату мүмкіндігін көрсетеді [5]. Тәрбиеші-педагогтің әдепті болуы жоғары коммуникативті әлеуеттің көрсеткіші болып табылады. Зерттеушілердің пікірінше, жеке тұлғаның қасиеті ретінде қарым-қатынас келесі компоненттерді қамтиды: қарым-қатынас процесінен ләззәт алу; эмпатияға және басқа адамның әлеміне ену, оны түсіне алу сезіміне деген қабілеттіліктің болуы.

Коммуникативті мәдениет — бұл қарым-қатынас процесінде, соның ішінде қарым-қатынас кезінде қолданылатын мәдени нормалардың, мәдени білімнің, құндылықтар мен мағыналардың

жиынтығы. Ю.В. Жуков (1988) коммуникативті мәдениетті құрайтын ережелердің үш тобын анықтайды.

Біріншіден, коммуникативтік этикет ережелері. Олар жүгіну және ұсыну тәртібін, өтінішті таңдауды және тағы басқаларды анықтайды. Этикет ережелері қарым-қатынастың тиімділігімен тікелей байланысты емес, бірақ олардың ішінара немесе толық елемейі адамды қарым-қатынасқа қатысудан шеттетеді.

Екіншіден, коммуникативтік өзара әрекеттесуді үйлестіру ережелері. Олар қарым-қатынас түрін белгілейді: зайырлы, іскерлік, салттық және т. б.

Үшіншіден өзін-өзі ұсыну ережелері (өзін-өзі таныстыру). Олар қарым-қатынас түрін анықтамайды және барлығына ортақ тиімділікке әсер етпейді, бірақ та жеке қарым-қатынасқа қатысушыларының жеке жетістіктерін анықтайды. Өзін-өзі қамтамасыз ету ережелері басқаларға өздері туралы белгілі бір әсер қалдыруға арналған.

Дегенмен де, сөйлеу мәдениеті міндетті түрде олардың мазмұнына шығармашылық, өнімді ұсынуға негізделген білім, білік және дағдыларды беруді (қайта таратуды), сонымен қатар үнемі жаңасын құруды — адамгершілікті, гуманды, бейімделгіш тұлғаны қалыптастыруды қамтиды [6].

Сөйлеу мәдениеті қазіргі тәрбиеші-педагогтің жалпы кәсіби-педагогикалық мәдениетінің ажырамас бөлігі. Сөйлеу мәдениеті — айтушының сөйлеу мәлімдемесінің дұрыс құрылуын қамтамасыз ететін білім, білік және дағдыларының жиынтығы.

Жалпы тәрбиеші-педагогтің коммуникативті мәдениеті неден тұрады? Ол адамдарға қатысты көрінетін жеке қасиеттерге, құндылық бағдарларына, көзқарастарына, сондай-ақ, қарым-қатынас техникасына негізделген — сөйлеу, бет-әлпет, ым-ишара, қозғалыстары, басқа адамға әсер ету әдістері, өзін-өзі реттеу әдістері. Педагогикалық қарым-қатынастың негізін құрайтын тұлғаның коммуникативті қасиеттері бар. Оларға мыналар жатады: 1) сөйлеу сипаттамасы: айқын дикция, мәнерлілік; 2) жеке ерекшеліктері: сыпайылық, ашықтық, адамдарды тыңдау және сезіну қабілеті. Тәрбиеші-педагогтің коммуникативті мәдениетінің негізі — қарым-қатынас-адамдармен қарым-қатынасқа деген тұрақты ұмтылыс, тез байланыс орната білу. Тәрбиеші-педагогтің әдептілігінің болуы жеткілікті жоғары коммуникативті әлеуеттің көрсеткіші болып табылады.

Сонымен, қарым-қатынас дағдылары толыққанды қалыптаспаған тәрбиеші-педагогтер тез шаршайды, ашуланады және тұтастай алғанда олардың қызметіне қанағаттанбайды. Тәрбиенің жеке психологиялық дайындығы қарым-қатынас техникасының жеткілікті деңгейін қамтиды. Тәрбиеші-педагогтер үшін «айыптаушы» позициясын, баланың теріс бағасын болдырмау үшін ата-аналармен қарым-қатынас жасауды үйренуі ерекше маңызды. Т. Гордон әзірлеген «мен-хабарлар» техникасының тиімді қолдану оны реттеуге және шебер қолданылған жағдайда, ол тәрбиеші-педагог пен ата-ана арасындағы өзара түсіністікті қалыптастыруға, шиеленісті азайтуға септігін тигізеді.

Тәрбиеші-педагог үшін жанжал жағдайынан өз жұмысында абырой мен шығармашылыққа қанағаттанушылықпен шығу өте маңызды және бұл тәрбиеші-педагогтің қалыптасқан коммуникативті қабілеттері болған жағдайда ғана мүмкін болады. Тәрбиеші-педагогтің коммуникативтік құзыреттілігінің жоғары деңгейі оның барлық компоненттерін жан-жақты дамытуды және коммуникациялық әдістерді қолдануды қамтиды.

Коммуникативті құзыреттілік — бұл жалпы мәдениетті және оның кәсіби қызметтегі өзіндік көріністерін синтездейтін интегралды сапа. Сонымен қатар, ол білім нормасы мен қарым-қатынас ережесі, оның технологиясын меңгеруі болып табылатын кең ауқымды ұғым ретінде тұлғаның коммуникативті потенциалын құрайды. Коммуникативті потенциалы — ол адамның мүмкіншілігін сипаттайды сонымен бірге, оның қарым-қатынас түсу сапасын анықтайды [7].

Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиеші-педагогінің ең маңызды сипаттамасы ретінде коммуникативтік құзыреттіліктің маңыздылығы осы кезде нормативтік, ғылыми-теориялық және әдістемелік деңгейде жарияланды. Тәрбиеші-педагогтің кәсіби қарым-қатынас дағдыларына мыналар жатады: белсенді тыңдау, кері байланыс құру, мінез-құлықты сипаттау, адамдарды өзіне тарту мүмкіндігі; клиентті қашықтықта ұстау және эмоционалды жақындасудан аулақ болу мүмкіндігі; шеберлік ретінде эмпатия; клиенттің мінез-құлқының өзгеруіне ықпал ететін стратегияларды қолдана білу, берілген объектілер мен құбылыстарға назар аудару білу, оларды объективті, жеткілікті түрде көрсетуді қамтиды.

Тәрбиеші-педагогтің маңызды коммуникативті қасиеттеріне мыналар жатады: адамдармен қарым-қатынас үрдісі, қарым-қатынас, жанжалды тиімді шешу қабілеті, ауызша және вербальды емес

қарым-қатынас құралдарын еркін меңгеру, логикалық және нақты сөйлеу, сыпайылық, әдептілік, әзіл сезімі және т. б.

Коммуникативтік құзыреттілік тәрбиеші-педагогтің кәсіби құзыреттілігінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Ол: қарым-қатынас процесінде адамға ақпаратты еркін қабылдауға және жіберуге мүмкіндік беретін сөйлеу дамуының жоғары деңгейі; белсенді тыңдау қабілеті, кері байланыс құру; қарым-қатынастың вербалды емес тілін түсіну; сұхбаттасушыны тұлға ретінде дұрыс бағалау және осы бағалауға байланысты өзінің коммуникативті стратегиясын таңдау мүмкіндігі; жағдайға сәйкес әрекет ету және оның ерекшелігін өзінің коммуникативті мақсаттарына жету үшін пайдалану, сұхбаттасушыда оның жеке басын жағымды қабылдауды ояту.

### *Тұжырым*

Қорыта келгенде, коммуникативті құзыреттілік — басқа адамдармен қажетті байланыстарды орнату және қолдауға деген қабілеттілігі. Коммуникативті құзыреттілік — бұл басқа адамдармен өзара әрекеттесудегі вербалды және вербалды емес (мимика, дене тілі) қатынасқа түсу дайындығы мен қабілеттілігін көрсетеді. Демек, коммуникативті оқытудың барлық әдістері байланыс орнату, қарым-қатынастың сәтті формаларын табу қабілетіне негізделеді.

Коммуникативтік дағдылар тәрбиеші-педагогтің құзыреттілігін құрайтын маңызды психологиялық сапаларды дамытады. Оларға педагогикалық әдептілік, педагогикалық эмпатия, педагогикалық әдептілік, педагогикалық этикаға ие болуы жатады.

Тәрбиеші-педагогтің мәдениеті — оның сөйлеу әрекетінің мәдениеті, ол негізінен жеке сөйлеу мен тілдік нормалар арқылы жүзеге асырылатын этикалық және коммуникативті нормаларға сәйкестігі тұрғысынан бағаланады.

Коммуникативтік мәдениет кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың, дамытудың және іске асырудың маңызды шарты және барлық құзыреттілік пен біліктілік сипаттамаларына елеулі әсер ете отырып, тәрбиеші-педагогтің жалпы және кәсіби мәдениетінде орталық орын алады және оның мақсатты қалыптасуы жеке дамудың басым бағыты болып саналады.

Бірақ коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру және жетілдіру оның барлық компоненттерінің жиынтығында болуы қажет, атап айтқанда:

- сөйлеу құзыреттілігі — сөйлеу әрекетінің төрт негізгі түрінде (сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу) коммуникативтік біліктерді жетілдіру);

- тілдік немесе тілдік емес мінез-құлқын жоспарлау қабілеті;

- тілдік құзыреттілік — бұрын зерттелген материалды жүйелеу;

- коммуникативтік мақсатта тілдік бірліктермен жұмыс істеу дағдыларын дамыту;

- әлеуметтік-мәдени құзыреттілік — көп тілді елдердің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері туралы білім көлемін арттыру;

- оқу-танымдық құзыреттілік — жалпы және арнайы оқу дағдыларын дамыту, оны игеру бойынша оқу қызметін жетілдіруге, оның көмегімен білімнің басқа салаларындағы танымдық қызығушылықтарды қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, ғылыми әдебиеттерді талдау тәрбиеші-педагогтердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру жолдарын қарастыру қажеттігін көрсетті.

### Әдебиеттер тізімі

1 Құдайбергенова К.С. Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері: моногр. / К.С. Құдайбергенова. — Алматы, 2012. — 340 б.

2 Марченко В.А. Профессиональная компетентность педагога ДО [Электронный ресурс]. / В.А. Марченко. — Режим доступа: <https://nsportal.ru/detskiy-sad/raznoe/2016/10/05/professionalnaya-kompetentnost-pedagoga-do.docx>.

3 Майер А.А. Модель профессиональной компетентности педагога дошкольного образования. [Текст] / П.А. Майер // Основы педагогического менеджмента. — 2007. — № 1. — С. 35–57.

4 Соколова В.В. Культура речи и культура общения / В.В. Соколова. М.: Просвещение, 1995. — 190 с.

5 Сысоева Е.Ю. Коммуникативная культура преподавателя вуза: учеб. пос. / Е.Ю. Сысоева. — Самара: Изд-во Самар. ун-та, 2014. — 144 с. — Режим доступа: <http://repo.ssau.ru/bitstream/Uchebnye-posobiya/Kommunikativnaya-kultura-prepodavatelya-vuza-Elektronnyi-resurs-ucheb-posobie-dlya-vuzov-o-progr-dop-kvalifikacii-Prepodavatel-vysssh-shk-vysssh-prof-obrazovaniya-68085/pdf>.

6 Синаторов А.Л. Культура речевой деятельности педагога. [Электронный ресурс]. / А.Л. Синаторов, О.Н. Андреева, Н.А. Степанова. — Текст: непосредственный // Теория и практика образования в современном мире: материалы X Между-

нар. науч. конф. (г. Чита, апрель 2018 г.) — Чита: Изд-во «Молодой ученый», 2018. — С. 110–112. — Режим доступа: <https://moluch.ru/conf/ped/archive/277/13969/> Дата обращения: 11.12.2021

7 Мирза Н.В. Профессиональная компетентность педагога: моногр. / Н.В. Мирза. — М.: Изд-во «Независимое литературное агентство «Московский Парнас», 2008. — 256 с.

Г.Б. Бейсенбекова, Г.Н. Манашова, С.М. Нургалиева, Т.К. Оразбекова

### **Формирование коммуникативной компетентности педагога-воспитателя дошкольных организаций**

На сегодняшний день одной из острых проблем является общение педагога-воспитателя с родителями и детьми. Коммуникативная компетентность занимает важное место в жизни человека. Успешность работы педагога-воспитателя, который постоянно контактирует с детьми, родителями и коллегами, зависит, конечно, от способности общаться. Вместе с тем, в общении ведущая роль принадлежит педагогу-воспитателю, так как он является профессиональным и официальным представителем дошкольной организации. В педагогической практике общение является важным фактором профессионального успеха. В связи с этим, в статье проанализированы проблемы формирования коммуникативной компетентности будущих воспитателей в условиях современного образования. Изучено содержание темы, сравнен ее широкий смысл, в зависимости от многообразия и множественности определений компетенции. Коммуникативная компетентность характеризуется как интегральное качество, синтезирующее общую культуру и ее специфические проявления в профессиональной деятельности. Характеризуя сущность коммуникативной компетенции педагога-воспитателя, раскрыты направления, обеспечивающие их коммуникативные качества. Авторы статьи полагают целесообразным рассматривать коммуникативную компетентность как неотъемлемую часть профессиональной компетентности и культуры речи, в целом, профессионально-педагогической культуры современного педагога-воспитателя. Успех педагогического общения зависит от уровня коммуникативной культуры педагога-воспитателя. Умение использовать слово, эмоционально выражать свои мысли — важная сторона общения. В настоящей статье раскрыта сущность коммуникативной компетентности педагогов-воспитателей, коммуникативной культуры, навыков и коммуникативных способностей.

*Ключевые слова:* компетентность, коммуникативная компетентность, коммуникация, общение, культура речи, коммуникативная культура, коммуникативные навыки, коммуникативные способности, коммуникативный потенциал.

G.B. Beisenbekova, G.N. Manashova, S.M. Nurgalieva, T.K. Orazbekova

### **Formation of the communicative competence of preschool organizations tutor**

Nowadays, one of the acute problems is the communication of a tutor with parents and children. Communicative competence occupies an important place in a person's life. The success of the work of a tutor, who is constantly in contact with children, parents and colleagues, depends on the ability to communicate. The leading role in communication belongs to the tutor since he is a professional and official representative of a preschool organization. In pedagogical practice, communication is an important factor in professional success. In this regard, the article analyzes the problems of the formation of the communicative competence of future educators in the conditions of modern education. The content of the topic is studied, comparing its broad meaning depending on the diversity and multiplicity of definitions of competence. Communicative competence is characterized as an integral quality that synthesizes the general culture and its specific manifestations in professional. Characterizing the essence of the communicative competence of a tutor, the directions providing their communicative qualities are revealed. The authors of the article consider it expedient to examine communicative competence as an integral part of professional competence and the culture of speech, the professional and pedagogical culture of a modern tutor. The success of pedagogical communication depends on the level of a communicative culture of the tutor. This article reveals the essence of the communicative competence of educators, communicative culture, communicative skills, and communicative abilities.

*Keywords:* competence, communicative competence, communication, speech culture, communicative culture, communicative skills, communicative abilities, communicative potential.

#### References

1 Qudaibergenova, K.S. (2012). Quzyrlylyqtyn pedagogikalyq kategoriia retinde damuynyn teoriialyq-adisnamalyq negizderi [Theoretical and methodological bases of development of competence as a pedagogical category]. Almaty, 340 [in Kazakh].

2 Marchenko, V.A. (2016). Professionalnaia kompetentnost pedagoga DO [Professional competence of a teacher of preschool organizations]. Retrieved from <http://nsportal.ru/detskiy-sad/raznoe/> [in Russian].

3 Maier, A.A. (2007). Model professionalnoi kompetentnosti pedagoga doshkolnogo obrazovaniia [The model of professional competence of a teacher of preschool education]. *Osnovy pedagogicheskogo menedzhmenta – Fundamentals of pedagogical management*, 1, 35–57 [in Russian].

4 Sokolova, V.V. (1995). *Kultura rechi i kultura obshcheniia* [Culture of speech and culture of communication]. Moscow: Prosveshchenie [in Russian].

5 Sysoeva, E.Yu. (2014). *Kommunikativnaia kultura prepodavatelya vuza* [The communicative culture of a higher education institution's teacher]. Samara: Publishing house Samara University. Retrieved from <http://repo.ssau.ru/bitstream/Uchebnye-posobiya/Kommunikativnaya-kultura-prepodavatelya-vuza-Elektronnyi-resurs-ucheb-posobie-dlya-vuzov-o-progr-dop-kvalifikacii-Prepodavatel-vyssh-shk-vyssh-prof-obrazovaniya-68085/pdf>. [in Russian].

6 Sinatorov, A.L., Andreeva, O.N. & Stepanova, N.A. (2018). *Kultura rechevoi deiatelnosti pedagoga* [The culture of the pedagogue's speech activity]. *Teoriia i praktika obrazovaniia v sobremennom mire: materialy X Mezhdunarodnoi nauchnoi konferentsii (aprel 2018 goda) – Theory and practice of education in the modern world: materials of X International scientific conference* (pp. 110–112). Chita: Izdatelstvo «Molodoi uchenyi». Retrieved from <https://moluch.ru/conf/ped/archive/277/13969/> [in Russian].

7 Mirza, N.V. (2008). *Professionalnaia kompetentnost pedagoga* [Professional competence of the pedagogue]. Moscow: Izdatelstvo «Moskovskii Parnas» [in Russian].

Букетов университет